

Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 3443 "Ақтөбе қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 5 қарашадағы № 4956 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 қарашада № 6445 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37- баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 3443 "Ақтөбе қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-1-193 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының әкімі

М. Абдуллин